



БҮЙРЫҚ

2023 жылдың 01.күркүүштөк

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 55 н/к.

город Шахтинск

Міндетті мектеп формасына талаптарды бекіту туралы

«Орта білім беру үйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.02.2016 жылғы № 26 бұйрығына сәйкес, Қарағанды облысының экономика басқармасымен 08.01.2021 жылы бекітілген Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ жарғысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ оқушыларының бірыңғай мектеп формасын міндеттілігі және мектеп формасының талапқа сай стилі бекітілсін:

1.1. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізілсін.

Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыйырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыйырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

1.2. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

1.3. Мектеп формасына орта білім беру үйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер, шеврон және т.б.) орналастыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киуге тыйым салынады.

1.4. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру үйымында белгіленген мектеп формасын киоіне жауап береді.

2. Ата-аналар Жарғыға сай мектеп формасының стиілмен ақпаратты түрде және келісім шарт арқылы таныстырылсын.

3. Мектеп формасын киу және оны киодің талаптары мен стилі туралы оқушылар мен ата-аналарға тұрақты түрде ақпарат берілсін.

4. Аталған бұйрықтың орындалуына жауаптылық директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікенге жүктелсін.

Директор



М.Улжибаева

М.Улжибаева